

Г.Б. Козгамбаева<sup>1\*</sup> , Р. Әбідос<sup>2</sup> 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.  
Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Қазақстан, Шымкент қ.  
\*e-mail: [gulnar.kozgambaeva@mail.ru](mailto:gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

## ҚАЗАҚСТАНҒА ЕКІНШІ ДҮНИЕЖҮЗІЛІК СОҒЫС ЖЫЛДАРЫНДА ЖЕР АУДАРЫЛҒАН ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК БЕЙІМДЕЛУ МӘСЕЛЕЛЕРІ (ШЕШЕН ЖӘНЕ ИНГУШ ХАЛЫҚТАРЫ МЫСАЛЫНДА)

Мақалада Сталин дәуірінде Қазақстанға күштеп депортацияланған шешен және ингуш ұлттарының қайғылы тағдыры, оларды көшіру барысы мен орналастырудағы жүргізілген іс-шаралар мен кездескен қиыншылықтар және оларға сенімсіз ұлттар ретінде ұстанған кеңестік саясат туралы мәселелер қамтылған. Мәжбүрлі түрде жер аударылған ұлттардың өткен тарихының көлеңкелі беттерін қарқынды түрде зерттеу өткен ғасырдың 80-90-шы жылдары қолға алынды. Одақ көлемінде көптеген ұлттардың бейбіт өмір сүру жағдайын кеңестік биліктің жүргізген жаппай қуғын-сүргіндер мен күштеп жер аудару үрдісі өзгертті. Олар атамекенінен күштеп көшіріліп, өмір бойы жинаған дүние мүлкінен айрылып, жер аударылған жерге бейімделуге тура келді. Екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында Солтүстік Кавказдан зорлықпен көшірілген шешендер мен ингуштар тағдырдың қатал тауқыметін бастарынан кешірді. Ауыр тағдыр тәлкегіне ұшырап күшпен жер аударылып келген ұлт өкілдеріне қазақ халқы өздерінің ауыр тұрмыс тіршілігіне қарамастан көмектерін беріп, аман-сау қалуына септігі мол болды. Саяси репрессиялау мен депортациялау үрдісінен жер аударылған ұлттардың өкілдері саяси қуғындау аяқталып, құқықтары қайта қалпына келтірілген уақытта өз Отандарына оралды. Ал кейбіреулері екінші Отаны ретінде Қазақ еліне тұрақтап қалды. Бүгінде Қазақ еліне әртүрлі кезеңдерде қоныс аударып, мәжбүрлі түрде жер аударылған өзге ұлт өкілдері мен ұрпақтары республика аумағының барлық өңірлерін мекендейді. Олардың басым бөлігі тоталитарлық жүйе үстемдік құрған шақта күштеп жер аударылған ұлттар. Бүгінде олар Қазақстан Республикасының азаматтары ретінде елдің әлеуметтік экономикалық дамуына үлес қосып, барлық салада еңбек етуде.

**Түйін сөздер:** кеңестік жүйе, сталиндік саясат, бірегейлік, депортация, шешендер, ингуштар.

G.B. Kozgambayeva<sup>1\*</sup>, R. Abildos<sup>2</sup>

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty  
South Kazakhstan State Pedagogical University, Kazakhstan, Shymkent  
\*e-mail: [gulnar.kozgambaeva@mail.ru](mailto:gulnar.kozgambaeva@mail.ru)

### Problems of social adaptation of deported peoples during the Second World War in Kazakhstan (on the example of Chechens and Ingush)

The article highlights the tragic fate of Chechens and Ingush, forcibly deported to Kazakhstan during the Stalin era, the course of their resettlement and placement, the difficulties they faced, as well as the Soviet policy of treating them as unreliable people. An intensive study of the shadow pages of the past history of the forced deported peoples was undertaken in the 80s and 90s of the last century. Mass repressions and forced deportations carried out by the Soviet authorities changed the conditions of normal peaceful life of many people in the USSR. Having lost their native lands and homes, faced with an alien environment, they were forced to adapt to the place of exile. Chechens and Ingush, forcibly deported from the North Caucasus during the Second World War, suffered a difficult fate. The Kazakh people, despite the difficult situation, provided assistance to representatives of nationalities who were forcibly deported, and contributed to their well-being. Representatives of nationalities expelled due to the process of political repression and deportation returned to their homeland at a time when political expulsions ended and their rights were restored. And some settled on the Kazakh land as a second homeland. Today, representatives and descendants of other nationalities, who moved and were forced to deport to the Kazakh steppes in different periods, inhabit all regions of the territory of the republic. Most of the nationalities forcibly deported during the domination of the totalitarian system, today, as citizens of the Republic of Kazakhstan, contribute to the socio-economic development of the country and work in all areas.

**Key words:** Soviet system, Stalinist politics, identity, deportation, Chechens, Ingush.

Г.Б. Козгамбаева<sup>1\*</sup>, Р. Абилдос<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақстанның национальнй университет имень аль-Фараби, Қазақстан, г. Алматы

<sup>2</sup>Южно-Қазақстанкий госуларственнй педагогический университет, Қазақстан, г. Шымкент

\*e-mail: gulnar.kozgambaeva@mail.ru

### **Проблемы социальной адаптации депортированных народов Казахстана в годы Второй мировой войны (на примере чеченцев и ингушей)**

В статье освещаются трагические судьбы насильственно депортированных в сталинскую эпоху в Казахстан чеченцев и ингушей, ход их расселения и размещения, трудности, с которыми они столкнулись, а также советская политика обращения с ними как с неблагонадежными народами. Интенсивное изучение теневых страниц прошлой истории вынужденно депортированных народов было предпринято в 80-х и 90-х годах прошлого века. Массовые репрессии и насильственные депортации, проводимые советскими властями, изменили условия нормальной мирной жизни многих людей в СССР. Потеряв свои родные земли и дома, столкнувшись с чужой средой, они были вынуждены приспосабливаться к месту ссылки. Чеченцев и ингушей, насильно депортированных с Северного Кавказа в годы Второй мировой войны, постигла тяжелая участь. Казахское население, несмотря на тяжелое положение, оказало помощь представителям национальностей, которые были насильственно депортированы, и способствовало их благополучию. Представители национальностей, изгнанных из-за процесса депортации, вернулись на родину в то время, когда политические изгнания закончились и их права были восстановлены. А некоторые поселились на казахской земле в качестве второй родины. Сегодня, представители и потомки других национальностей, переселившиеся и вынужденно депортированные в казахские степи в разные периоды, населяют все регионы территории республики. Большинство национальностей, насильственно депортированных в период господства тоталитарной системы, сегодня, как граждане Республики Казахстан, вносят свой вклад в социально-экономическое развитие страны и трудятся во всех сферах.

**Ключевые слова:** советская система, сталинская политика, идентичность, депортация, чеченцы, ингуши.

### **Кіріспе**

Тарихи отанынан Қазақстан және Қырғызстан жеріне шешен және ингуш ұлттарының мәжбүрлі түрде жер аударылғанына келесі жылы 80 жыл толады. Алайда көптеген ғасырлық тарихы бар бұл халықтардың есінде осы оқиға ауыр да, қиын кезең ретінде мәңгі сақталып қалды.

Кеңес үкіметінің саяси идеологиясы бойынша өзінің шыққан тегін білмейтін мәңгүрт ұрпақ жасау қажеттілігі өткен ғасырдың 30-50 жылдары жүзеге асырылды. КСРО аумағындағы көптеген ұлт өкілдері туған жерлерінен Қазақ еліне де мәжбүрлі түрде күш қолдану арқылы жер аударылды. Кеңестік биліктің жүргізген ауыр қылмыстар санатындағы депортациялау процесі арқылы көптеген ұлттардың этно-әлеуметтік және территориялық тұтастығын жою тұрғысынан жасалған әрекеті болып саналады. Сталиндік қуғын-сүргінге ұшырып, мәжбүрлі түрде күш қолдану арқылы жер аударылғандарды ұлттық болмысынан айырып, оларға жазықсыз кінә тағылды.

Мемлекет басшысының «Саяси қуғын сүргін құрбандарын ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия туралы» Жарлығына орай, құрылған ко-

миссия тобы саяси қуғын-сүргін құрбандарының барлық санатына қатысты тарихи әділдікті қалпына келтіру жұмыстары негізінде отыз томан асатын еңбекті жарыққа шығарды. Саяси репрессиялау мен депортацияға ұшыраған КСРО халықтарының өткеніне жаңа көзқараспен қарап, бұрмаланған шындықты түзету арқылы әділдікті қалпына келтіру бүгінгі күнде өзекті болып табылады. Қазақ жеріне депортацияланған ұлттар шаруашылықтың барлық саласында аянбай еңбек етіп, тер төкті.

Қазақ даласына кеңестік билік тұсындағы «сенімсіз» халықтар қатарына жатқызып күш қолдану арқылы жер аударылған көптеген ұлттар қатарында біздің зерттеуіміздегі шешендер мен ингуштар да бар.

Тарихтың беймәлім беттерін ашу, жаңаша пайымдау, құпия архив құжаттары негізінде күшпен жер аударылған ұлттар мен тұтастай халықтардың тарихын, оларды қоныстандырылған жерлердегі жағдайы, бейімделуі туралы ғалымдар В.Н. Земсков (Земсков, 2005:306), Ж.А.Ермекбаев (Ермекбаев, 2009), М.Ч.Қалыбекова (Қалыбекова, 2019), И.М.Сигаури (Сигаури, 1997), Х. Оглаев (Оглаев, 1990) және т.б.

Ғалымдардың еңбектерінде депортацияға ұшыраған ұлттар мен тұтастай халықтарды әр түрлі аспектілер тұрғысынан зерттеп, көптеген мәліметтер берген. Сонымен қатар тау халықтарының ішінде шешендер мен ингуштардың депортациялау үрдісін және олардың тағдыры, қоныстанған жерге бейімделуіне байланысты архив құжаттары негізінде берілген мәліметтермен қатар естеліктер қамтылған. Біздің зерттеп отырған тақырыбымыз аясында Ресей зерттеушілерінің үлесі басым екендігі мәлім, алайда орыс тарихнамасына толық талдау жасамай-ақ, басты еңбектерге тоқталып өттік.

### **Мақаланың өзектілігі**

Мәжбүрлі түрде қоныс аударту себептері бұрынырақ белгілі болғанымен, зерттеушілер, ғалымдар өткен ғасырдың сексенінші жылдардың аяғында зерттеулер жүргізе бастады. Алайда екінші дүниежүзілік соғысы жылдарында қазақ жеріне күштеп қоныс аударылған ұлттардың тарихы мен олардың күнделікті өмірдегі ауыр тауқыметі жеткілікті дәрежеде зерттелген жоқ. Сондықтан біздің зерттеуіміздегі депортацияланған ұлттардың жер аударылған жерлерге бейімделуі мен күнделікті өмір тарихын зерттеу өзекті тақырыптардың санатында. Депортацияланған ұлттардың өткен тарихына қатысты бұрмаланған шындықты түзету қажеттілігі туындап отыр. Тоталитарлық жүйенің жүргізген қысымшылығына қарамастан жергілікті халқымен бірге республиканың халық шаруашылығының барлық саласында еңбектенді. Жер аударылған көптеген ұлттар туған жерінен, дінінен, тілінен айырылуы олардың бірегейлігін сақтауында үлкен кедергі жасады.

### **Мақсаты**

Күштеп жер аударылған шешен, ингуш халықтарының Қазақстан территориясына жер аударылу тарихы және олардың бейімделуі, ұлттық бірегейлігін сақтауы жолындағы қиыншылықтарын жан-жақты қарастыру

### **Зерттеу материалдары мен әдістер**

Мақаланы жазу барысында жиналған материалды сараптау, қорыту және тарихи материалдарды салыстырмалы талдау мен қатар бірізділік жүйелік, құрылымдық, теориялық таным сынды зерттеудің тәсілдері пайдаланылды. Сонымен қатар болған оқиғаны ғылыми зерттеу

үлер арқылы салыстыру, қалыптасқан мәселені зерттеуде фактілер мен нақты дәлелдерге сүйену басшылыққа алынды. Жер аударылған ұлт өкілдерінің естеліктері және ғылыми зерттеу материалдары арқылы тарихи оқиғаларды салыстыра зерттеу әдісі қолданылды. Мақалада ғалымдар мен зерттеушілердің шешендер мен ингуштарға байланысты зерттеулеріндегі қалыптасқан ғылыми ой-пікірлер мен тұжырымдары негізге алынды. Мәжбүрлі түрде жер аударылған шешендер мен ингуштардың қазақ жеріне көшірілу себептері, жол –жөнекей бастарынан өткен қиыншылықтар, келген ортаға бейімделуі, ұлттық бірегейлігін сақтау мәселелері нақтыланды. Сонымен қатар тарих ғылымындағы тарихи даму заңдылықтары мен әлемдік тарихтағы өркениеттік ұстанымдар назарға алынды, қолданылған зерттеулердің шынайылығы сыни тұрғыдан қарастырылып, талдау жасалды.

### **Зерттеу нәтижесі**

Екінші дүниежүзілік соғысқа дейін басталған халықтардың қоныс аударту үрдісі Кеңес Одағындағы ұлттарға қатысты жүргізілген саясаттың жеке эпизоды болып табылады. Кеңес үкіметінің жүргізген жер аудару, мәжбүрлі түрде күштеп көшіру салдарынан көптеген ұлттар зардап шегіп, ауыр тағдырды бастарынан кешіуі, бұл ұлт саясатының бұрмаланып, заңдылықтың сақтамағандығының нақты көрінісі еді. Бізді толғандыратын өткен ғасырдың бірінші жартысында Қазақ еліне мәжбүрлі түрде жер аударылған халықтар тарихының ақтаңдақ беттері. Бүгінде архив материалдары мен деректер, жер аударылған ұлттардың естеліктер бойынша жазылған еңбектер көптеп жарық көрді. Алайда халықтарды жер аудару себебі, оның барысы және жер аударылған ұлттардың күнделікті өмірімен туралы толыққанды әлі де болса жауап берілмей келеді. Сталиндік жүйенің заңсыз жүргізген осы саясаты туралы зерттеулер жүргізілуде, алайда ашылмай жатқан мәселелер де баршылық, сондықтан аталмыш тақырып зерттеуді қажет ететін өткір мәселелердің бірі болып табылады.

Соғыс барысында фашистерге көмек берді деген желеумен қуғынға ұшырып, «сенімсіздер» санатында болып жер аударылған шешендер мен ингуштар туралы ғылыми зерттеулер негізінде сараптама жасалды. Қазақ жеріне депортацияланған шешен және ингуш ұлтта-

рының қайғылы тағдыры Сталин кезеңінің шындықтарының бірі ретінде қарастырылды. Солтүстік Кавказдан екінші дүниежүзілік соғысы уақытысында «сенімсіз» ұлттар ретінде көшірілген шешендер мен ингуштарға ұстанған кеңестік саясатқа байланысты зерттеулерге сүйене отырып сараптама жасалды. Қазақстанға мәжбүрлі түрде жер аударылған шешендер мен ингуштердің көшірілу барысы, жер аударылған жерлердегі материалдық жағдайы мен күнделікті тұрмысы және көшірілген жерге бейімделуі мен бірегейлігін сақтаудағы қиыншылықтары туралы жарияланған еңбектер мен естеліктер негізінде жалпылама талдау жасалды.

Қазақстан территориясындағы шешендер мен ингуштардың әлеуметтік-мәдени дамуы мен ерекшеліктерін сараптама жасалды. Қазақстандағы жарасымды татулық пен бірліктің арқасында шешендер мен ингуштардың ұлттық бірегейлігін сақтау мәселесі қарастырылды.

Кеңестік жүйе тұсында шығып жатан түрлі заңдар мен қаулылар депортацияланған халықтардың болашағы мен олардың жан-жақты дамуына үлкен тосқауыл болды. Ата қоныстарынан, ғасырлар бойына қастерлеп қорғап келген жерлерінен кеңестік биліктің жүргізген солақай саясаты кесірінен шешендер, ингуштар еріксіз, күштеп қоныс аударылды.

Мәжбүрлі түрде Солтүстік Кавказдан жер аударылғандар арнайы елді мекенге қоныстандырылғанда, олар 608749 адам болды, ал ұлттық құрамы: бойынша 362282 - адам шешендер, 134178 - адам ингуштар, 68327 - адам қарашайлар, 37406 адам – балқарлар және тағы басқа ұлт өкілдері 6556 –адамды құрады. Көрсетілген адам санынан бастапқы қоныстану сәтінде 1948 жылдың 1 қазанына дейін 2 мәрте есепке алынғандықтан 32981 адам есептен шығарылды, демек Солтүстік кавказдықтардың қоныстандырылғандары 575768 болды (Земсков, 2005:105). Солтүстік Кавказдан жер аударылып, оның ауыр зардаптарын басынан кешірген шешендер мен ингуштардан бұрын қарашайлар болды. Бұл ұлттан кейінгі кезекте осындай қатал тағдырдың сынағына ұшыраған шешендер мен ингуштар еді. Тау халықтары ішінде ерекше жауынгерлігімен көзге түскен шешендерді сонау ертеден мекендеген ата қоныс жерлерінен көшіру НКВД тарапынан үлкен дайындықты қажет етті. Солтүстік Кавказдағы шешендер мен ингуштар және т.б. халықтарды күштеп көшіріп, белгіленген мекенге мәжбүрлі түрде қоныстандыру және пой-

ыздарды жөнелту 1944 жылы 23 ақпанда басталып, наурыз айының 9-да бітті. Бұл операцияны жүргізуге НКВД мен МҚХК пен СМЕРШ-тің 19 мың шұғыл қызметкері, 100 мыңға дейін НКВД офицерлері мен жауынгерлері тартылды (Сигаури, 1997:349). 1944 жылы 7 наурыздағы КСРО Жоғарғы Кеңесінің бұйрығымен Шешен-Ингуш АКСР жойылды, барлық аудандарының аттары өзгертілді. Шешен-Ингуш АКСР-ның орнына Грозный облысы құрылды. Аталмыш операция «Чечевица» деген атпен жүрді (Қалыбекова, 2019:83). Кеңестік билік заңсыз Одақ құрамына болған автономиялық республикаларды жойды. Алайда жоюға ешқандай негіз жоқ екендігіне қарамастан бұл әрекет заңсыз жүргізілді. Соғыстың ауыртпалығына қарамастан жазаланған халықтарды Қазақстан аумағына қоныстандыру республикаға ауырлық тудырды. Мәжбүрлі жер аудару үрдісіне дейін және көшіру кезінде таулы аудандарда әскери авиация қолданылды. Ал таулы емес жазықта көшіру қысқа мерзім ішінде және қарсылықсыз және құрбандарсыз жүргізілсе, жинау пункттеріне айдап әкелінген адамдарды жазық жерлерге жөнелтуге табиғи жағдайдың қолайсыздығы мүмкіндік бермеген таулы аудандарда жаппай адам өлімі жағдайлары орын алды. Мысалы, Хайбах таулы мекенінде бірнеше жүздеген адам өртелді, Макажой мекені мен Галанчож көлі аудандарында жаппай адам өлімі туралы мәліметтер бар. Урус-Мартан аудандық ауруханасындағы тасымалдауға жарамайтын аурулар да өлтірілді (Сигаури, 1997:353). Жер аударылған шешендер мен ингуштарға тіркеу және қайта тіркеу, жұмыстары жүргізіліп, жергілікті комендатураларда белгіленеді. Жер аударылғандардың ішінде жасы он алтыға толған кезде есепке алынып, оған жеке карточка жасалды, жеке іс ашылды, сонымен қатар отбасылық есеп жүргізілді (Шнайдер, 2008:267).

КСРО Халық Комиссарларының № 35 «1945 жылы 8 қаңтардағы «Арнайы қоныс аударушылардың құқықтық жағдайы» туралы қаулысы бойынша қарастырылып отырған санаттағы адамдардың құқықтық жағдайы қаралды. Жедел қызметкерлердің алдында тұрған басты міндет арнайы қоныс аударушыларды қоғамдық пайдалы жұмысқа тарту болды. Қаулыға сәйкес арнайы қоныс аударушылар есебінде тұрған жер аударылғандардың ішінде қоғамдық жұмыспен айналысатындар республика, облыс, өлке шегінде тұруға құқылы болды, ал қызметтік іс-сапарлар бойынша елдің

кез- келген пунктіне еркін жүріп-тұруға құқылы болды. Алайда, қоғамдық пайдалы еңбекпен айналыспаған, арнайы қоныстану режимін бұзған жер аударылғандарға бұндай құқық болмады (Исакиева, 2016:87). КСРО Ішкі істер халық комиссариатының арнайы коменданттары, егер арнайы қоныс аударушылар қоныстану орындарында белгіленген режим мен қоғамдық тәртіпті бұзса, оларға 100 рубльге дейін айып пұл немесе 5 күнге дейін қамауға алу түрінде әкімшілік жаза қолдануға құқылы болды. Әкімшілік жазаны НКВД-ның аудандық бөлімінің басшысы бекітіп, қамауға алу прокурордың санкциясымен жүзеге асты.

Шешендерден – 510 630 адам, ингуштардың – 78479 адамы 1944 жылдың ақпан айында көшіріліп, Қазақстанның: Алматы облысына – 29089, Жамбыл облысына – 16565 адам, Оңтүстік Қазақстанға – 39542, Қарағандыға – 37938, Шығыс Қазақстанға – 34167, Семейге – 31236, Ақтөбе облысына – 20309, Павлодарға – 41230 адам қоныстандырылды. Қызыл әскерден шығарылған шешендер мен ингуштардан мың адамы 1944 жылы ақпанда жоғарыдағы жер аударылғандар қатарына жіберілді. 1953 жылы басында комендант кеңсесінде тіркеуде 316717 шешен және 83518 ингуш тіркеуде болған. Шешендер мен ингуштардың көпшілігі Брест камалы гарнизонында әскерде болды (Оглаев, 1990:10). Қызыл Армиядан 1944 жылдың ақпаннан кейін босатылған шешен және ингуш ұлттарының әскери адамдары ПХК-ның арнайы қоныстарының қарамағына өтті. Грузияда, Дағыстан АКСР-да, Әзірбайжанда, Дондағы Ростов, Астрахан облысында, Краснодар өлкесіндегі шешендер мен ингуштар да мәжбүрлі түрде жер аударылды, 1945 жылдың аяғына дейін көші-қон жалғасын тапты. Депортацияланған шешендер мен ингуштар алғашқы күндері аштықтан, суықтан көптеген адам қайтыс болды. Жер аударылғандар көшірілген жерге келгенде ауыр жағдайға тап болды. Оларды орналастыратын бос тұрғын жайдың жоқтығы және ас ауқаттың жетіспеуі олардың арасында түрлі жұқпалы аурулардың тарауына себеп болды. Жұмысқа орналасуда олар шаруашылықтың бірінен екіншісіне амалсыздан көшуге мәжбүр болды. Ал жер аударылғандар жергілікті жердегі өндіріс орындарына жұмысқа тартылды. Мәселен, ғалым, Ибрагимов өзінің мұрағат құжаттары бойынша жүргізген зерттеуінде Қарағанды аумағына Шешен-Ингуш автономиялық республикасы-

нан қоныс аударушылар шахталарда, кен өндіру орындарына, өндіріс салаларында жұмысқа тартылды. Олар кездескен қиыншылықтарға қарамастан жанқиярлықпен жұмыс істей отырып бұрғылаушы, слесарь, тау-кен, шахта жұмысшылары мамандығын игерді. Олардың көпшілігі берілген жоспарын артығымен орындап, стахановшылар қатарына қосылды (Ибрагимов 2015:20). Алайда, олардың бастарынан өткен ауыр жағдай ұрпақтарының есінде мәңгі қалды. Мәселен, В.А. Тишковтың кітабынан шешен профессоры, тарих ғылымдарының докторы Джабраил Гакаев: «...Жер аударылып келген жылдары тұрғын үйдің жоқтығынан (көпшілігі далаға түнеді) және аштықтан жағдай өте ауыр болды. Бір ғана менің әкем Джодалдың қамқорлығында өзінің отбасындағы балалары мен туған-туыстарды қосқанда қырық шақты адам болды. Әкемнің туыскандар арасында беделі зор, өте қайратты және батыл адам болды. Джодалды Шешенстандағы тау халықтарының бәрі білетін және Орталық Азияда да адамдар да онымен араласып, қамқорлығына енді. Алғаш жер аударылып келген жылдары, аш, жалаңаш, киерге киім, ішерге ас жоқ болды, сол кезде әкем жергілікті шопанның совхоз қарамағындағы қойларынан ұрлауға тура келді. Сол кезде оны қазақтар атқа мініп, ұрлаған қойымен қуып жеткенін айтты. Ол үлкен пышағын суырып алып, жерге шеңбер сызып: «Жоламандар! Менің мойнымда аш жетімдерім бар, сондықтан осындай жағдайға амалсыздан бардым» деп, айтқан екен. Олар адамның үмітсіз екенін түсінді ме белгісіз, әкемді қоя беріпті. Міне осындай өжеттігінің арқасында оның қамқорлығында болғандардың ешқайсысы аштықтан өлмей аман қалды (Тишков, 2001:82). Сонымен қатар Ингушетияның Базоркино (қазіргі атауы - Чермен) ауылында тұрып жатқан Хажбикар Акиев мәжбүрлі түрде жер аударылған жылдарда көрген қиыншылықтарды әлі күнге дейін ұмыта алмайтындығын өзінің берген естелігінде айтқан. Оның отбасы ата-анасы және жеті бауырымен бірге 1944 жылы ақпанда жер аударылғанда ол он екі-ақ жаста болған екен. Ол: «Ақпан айының соңғы күні таң бозарып атысымен ұйқыда жатқан біздің бәрімізді оятып, ер азаматтарды «жиналысқа» деп алып кетті. Келген әкерилер жиналуға 30 минут уақыт берді, бізді бір жаққа алып кететінін түсіндік... Бізге ас-ауқат, керекті заттарды алуға мұрша бермей, мал таситын вагондарға тиеді. Бір вагонда төрт-бес отбасы болды, күн суық, ішетін тамақ,

тамақ пісіретін орын да болмады. Ортада буржуйка пеш тұрды, дәретханамыз – шелек болды, жолшыбай станцияларға тоқтаған кезде су алуға тыйым салынды, тек бір адамға шәйнекпен су алып келуге рұқсат берілді. Аштықтан, суықтан жол бойы қайтыс болған сәбилер мен қарттарды көмуге де мүмкіндік бермеді, мәйітті теміржол бойына тастап кете бардық, мүмкіндігінше жүзін қармен жапты. Бізге жолда 2-3 күн бойы нәр татқызбады, су да ішкізбеді» -деп, есіне алды (Мұқанқызы, 2022). Ия, кеңестік биліктің жүргізген саясаты салдарынан қаншама адам суықтан, аштықтан қайтыс болды.

Қазақстанға жер аударылған шешен, ингуш халықтары 1944-1945 жылдары Ақтөбе, Ақмола, Шығыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Алматы, Жамбыл, Қарағанды, Қызылорда, Көкшетау, Қостанай, Павлодар және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қамтыды... Бүгінгі Батыс Қазақстан және Атырау облыстарынан басқа Қазақстанның барлық облыстарына шешендер мен ингуштар топтаса орналастырылды (Ермекбаев, 2009:96). Қазақстанның бірқатар облыстары бойынша мәжбүрлі түрде, күш қолдану арқылы жер аударылғандардың орналастыру алдында келгендерді қабылдау тұрғысынан дайындығына тексеру жүргізілді. Аудандарда «үштіктер» құрылды, оның құрамына аудандық партия комитетінің хатшысы, аудандық кеңес төрағасы және НКВД аудандық бөлімшесінің бастығы болды. Олар қоныс аударушылардың жағдайына бақылау жасау бойынша жұмыстар жүргізді. Мәселен, Жамбыл облысы Талас ауданының үштіктер баяндамасында жер аударылған - шешендердің 1944 ж. наурызында станцияға келген 1-ші эшелонынан 1349 шешендер қабылданды. Осы контингенттен 120 жұмысшы маман отбасы немесе 651 адам қабылданды және олар Шолақ-Тау химия комбинатына орналастырылды. Тамды ауылдық кеңесі бойынша 6 ұжымшар, 21 отбасы немесе 42 адам болды, 2-і ұжымшарда: «Қасқа – бұлақ» және «Ақ-Шүкір». Қызыл-аут ауылдық кеңесі бойынша Ленин, Комсомол, Ақ-төбе, Қарашенгел деген 4 колхозға 30 отбасы орналастырылды. Ерназар ауылдық кеңесі бойынша 6 колхозға 245 адамнан тұратын 79 отбасы орналастырылды. Келесі 2-ші эшелон 11 наурызда келді. Жер аударылған шешендердің көпшілігі химия комбинаты Шолақ-Тауға және Қаракөл совхозына ал қалғандары мамандықтары бойынша МТС және кәсіптеріне сай келетін жұмыстарға орналастырылған (Сейткулова, 2017:67). Жер

аударылғандардың жұмысқа жарамды немесе жарамды еместігіне қарамай барлығы дерлік ауыр қара жұмысқа жегілді. Мәселен, 1944 жылы Жамбыл облысына қоныстандырылған 16927 адамның, 16396-сы еңбекке жарамды деп танылып жұмысқа жегілді. Маусымдық далалық жұмысқа 583 қарттар мен жас өспірімдер еңбек етті. Ал Ақмола облысында еңбекке жарамды 17667 адам есепке алынғанымен факт бойынша 19345 адам жұмыс істеді, оның ішінде 2746 жасөспірімдер мен қарттар болды (Шнайдер, 2008:264).

Сол кездегі сұрапыл соғыс қай халықтың болса да тұрмыс- тіршілігіне әсер етпей қоймады, жергілікті халықтың жағдайы да мәз болмады. Жер аударылған шешен және ингуш халықтарының жағдайы тіпті де ауыр болды. Мәселен, Шешен-Ингуш АКСР Садо селосынан отбасымен Қостанай облысына (1944 ж. 23 ақпан) анасы, екі інісі және төрт баласымен жер аударылған З.Бациева естелігінде адам төзгісіз, ауыр жағдайды бастарынан өткізгендігін баяндайды. Злимаат: «.. Біздің отбасын боранды суық күнде Қостанай облысының түкпірінде орналасқан селоның біріне апарып қора типіндегі баракқа жіберді. Көшірілген жылы тұрмысымыз адам айтқысыз өте ауыр жағдайда еді. Көшіріп алып келген бойда құрылысқа тас қалаушы ретінде мені жұмысқа жекті. Таңның атысынан күннің батысына дейін құрылыстағы жұмыста күндік жоспарымды асыра орындағаным бар алғаным салмағы 400 грамм нан болды» (Ракишева и др., 2013:77-78). Жер аударылған шешен, ингуш және т.б. ұлттардың құқығы аяққа тапталды. Ешқандай заң тарапынан қолдау көрсетілмеді, тіпті сенімсіз халықтар ретінде оларға басқадай көзқараста болды. Тіпті адамдар өзінің шыққан ұлты мен тегінен бас тартқан жағдайлар да орын алды. Мәселен, көптеген әскерилерді әскер қатарынан демобилизация жасау себебін біліп, армияда қалу үшін тегі мен ұлтын өзгертті. Ғалым В.Шнайдер Ресей архив құжаттарында көрсетілгендей 1949 жылы жүргізілген есепте арнайы қоныс аударушылардың, оның ішінде Қызыл армияда қызмет етіп, содан кейін жаңа тұрғылықты жерлерге жіберілген бұл контингент КСРО аумағында 8 343 офицер, 28 000 сержант, 173 201 адам қатардағы құрама жауынгер, барлығы 209545 адам болғандығы туралы мәлімет келтіреді. Әрине бұлардың барлығы ұлты мен тегін өзгертуге тырысты деу, адам сенгісіз жағдай, бірақ жекелеген жағдайлар да орын алды (Шнайдер, 2008:267).

1944-1945 жылдарда жер аударылғандар және оларды қоныстанырған жерлерде жергілікті билік тарапынан олардың жалақысын дұрыс есептемеу, адал еңбегі үшін берілетін сый ақыларды бермеу т.б. орын алды. Жұмыс барысында оларға әділетсіздікпен қарап, құқықтарының көптеген бұзылуымен сипатталды. Жер аударылған ұлттарға тікелей бақылау жасайтын ұйымдардың құжаттарында шешендер еңбекте жақсы, саналы түрде жұмыс жасағанды. Алайда олардың арасында кейбіреулері жергілікті басшылық тарапынан, комендант және учаске милициясымен арада болған қақтығыстан кейін оларды құқықтық тұрғыдан жауапқа тартып, бас бостандығынан сегіз жылға айырды. Ғалым, М.М.Ибрагимов Ресей Федерациясының архив құжаттары бойынша өзінің зерттеуінде осындай жағдай Талдықорғанға Урыс Мартан селосынан жер аударылған Джанхотов Жанбур деген азаматтың басынан өткендігі туралы мәлімет береді. Джанхотов Жанбур 1952 жылы 20 ақпанда КСРО МҚК-нің арнайы отырысынан кейін РКФСР Қылмыстық кодексінің 82-бабының 2-тармағы бойынша мәжбүрлі қоныстандыру орындарындағы жұмыстан жалтарғаны үшін 8 жылға сотталып, еңбекпен түзеу лагерінде қамауға алынды. Ол өзінің КСРО Жоғарғы сот төрағасына жазған шағымында, 1944 ж. наурызынан – 1950 ж. 27 қазанына дейін колхозда жұмыс істегені және одан кейін таулы ауданның ауа райының оның денсаулығына жақпай (өкпе) туберкулезбен аурған. Оның ауырғаны туралы медициналық сараптама бойынша ол басшылықтан колхоз мүшелігінен шығару туралы сұрағандығы айтылған. Бірақ 1950 жылы 27 қазанда ол колхоз мүшелігінен шығарылғанымен, сол жылы қарашаның 10 күні ол Буденный «скотимпортқа» жұмысқа тұрған. Ол 1951 жылы 24 шілдеге дейін, яғни сотталған күнге сонда жұмыс істегендігі туралы айтылған. Алайда жазылған арыз негізінде КСРО Бас Прокуратурасының тексеруі барысында, КСРО Жоғарғы сотының шығарған шешімін заңсыз деп таныды. Д. Джохотов ісі бойынша шығарылған шешімнің дұрыс еместігін алға тарта отырып, істі тоқтату керек екендігі туралы мәлімдеді (Ибрагимов, 2015:19). Депортацияға ұшыраған шешендер мен ингуштар тарапынан осындай мақсатта жазылған көптеген арыздар мен өтініштер сот тарапын қаралмай қалғандары көп болды. Мәселен Жамбыл облысы Жуалы ауданында жер аударылған Ахмед Басканов ешқандай кінәсіз қамауға алын-

ды. Ол Жуалы ауданынан тоғыз шақырымдағы 110-шы разъездге барып, қайтып келе жатқан уақытта ұсталды. Сапарға шыққандағы мақсат өзінің мамандығы бойынша жұмысқа орналасу болды, ал оны қайтар жолда қашуға әрекет жасағаны үшін деген айып тағылып, қамауға алынды. Қамауда отырғаннан кейінгі үшінші айда БЛКЖО Орталық Комитетінің секретарына өзінің басынан өткен қайғылы жағдайды баяндап хат жазған. БЛКЖО Орталық Комитетінің тікелей араласуы нәтижесінде ол қылмыстық жазадан, әкімшілік жазаға ауыстырылады. Алайда жер аударылғандарға жасалған осындай жеңілдетілген жаза түрлерін кездестіру кемде-кем, негізінен жазықсыз жала жабылғандардың басым бөлігі жазаны қамауда отырып өтеген (Ибрагимов, 2015:20). Шешендер мен ингуштардың өміріндегі соғыстан кейін маңызды аспекті олардың әскерден қайтқаннан кейінгі өздерінің отбасыларына бірігуі болды.

Жер аударылған Солтүстік Кавказ халықтары санаулы сағаттарда күштеп көшіру салдарынан қатты қобалжу алған адамдар беймәлім, белгісіз ауыр жолдан өтуге тура келді. Олардың көшіп келетін жері бірден шешілмеді. Мәселен, жер аударылған Р. Урусбиеваның айтуынша теміржол вокзалынан Қазақстанға жіберілетін соңғы эшелондардың бірінде шешендер, ингуштар, қарашайлар мен балқар ұлттары өкілдерінің негізінен кішкентай балалар, қарттар, мүгедектер болды. Оның отбасы Талдықорған облысының Киров ауданының Текеліге жіберді. Әйелдерді кен өндіру шахталары мен өндірген кенді өңдеу, байыту фабрикаларына орналастырды. Шамамен жарты жылдан кейін Тентек станциясындағы колхозға көшірілді (Сабанчиев, 2014:215). Жер аударылған ұлттардың алғашқы кездегі ауыр жағдайы оларды қандай жағдайда болсын, отбасын асырау мен аман сақтау мақсатында барлық мүмкіндікті пайдалануға мәжбүр етті. Еңбекке жарамсыз болып танылған адамдардың барлығы дерлік жұмыс істеді. Мысалы, 1944 жылы Жамбыл облысында еңбекке жарамды саналған 16 927 адамның 16 396-сы жұмыс істеді. Сонымен қатар, Ақмола облысында 17 667 адам есепке алынған еңбекке қабілетті адам болған жағдайда іс жүзінде 19 345 адам жұмыс істеді, оның ішінде 2746 жасөспірім мен қарт адамдар еді (Шнайдер, 2008:87). Мәжбүрлі түрде жер аударылған шешендер мен ингуштар қиыншылықтарға қарамастан тілін, ділін, салт-дәстүрін, бірегейлігін сақтауға тырысып, берік ұстады.

1944 жылы Асия Висаевна Заурбекованың отбасы қатты аязды, суық күні жер аударылып қазақ жеріне келгенде оларды кішкентай сарай типіндегі үйде тұратын балаларымен тұрып жатқан ұлты украин әйелдің үйіне қоныстандырды. Ол : « Әкемнің қолында көтеріп алған жағдайы ауыр анасын көріп, дереу жылы пештің үстінде жатқан балаларын түсіріп, сол жерге қарт ананы жатқызды. Менің әжем осы жылы пештің үстінде қыс бойы жатты. Одан кейін әжем балалармен тіл табысып кетті. Біз осы украин отбасымен бір үйде тұрдық. Осылай біз өз күнімізді ары қарай көріп, ауыл шаруашылығында жұмыс істедік (Ракишева и др., 2013:624). Осындай 1944 жылдың қақаған суық қысында Қарағандыға жер аударылған А. Е. Якушева басынан өткен ауыр жағдайды есіне алып, азық-түлік жетіспей тек карточкамен берілген. Ол: «Берілген карточканың түсі көк дәптер парақтары сияқты болды. Карточкада берілген азық-түліктің есептелген салмағы және берілген күні жазылды... Шахталарда жұмыс істегендер казармалар мен жатақханаларда тұрды. Жатақханалардағы жағдай да мәз болған жоқ. Өлім-жітім әсіресе балалар арасында өте жоғары болды» (Сактаганова, Абдрахманова, Досова, 2017:238-240).

Жер аударылған шешендер шаруашылықтың барлық саласында жұмыстың ауыр, жеңіліне қарамастан барлық саласында еңбек етті. Алайда олардың арасында кәсіпорындар да орын алған келеңсіз жағдай туралы 1950 жылғы МВД анықтамасында көрсетілген. Анықтамада: «1950 жылы 17 маусымда Шығыс Қазақстан облысы Лениногорск қаласында жер аударылған шешендер және жұмысқа қабылданған жұмысшылар арасында болған жанжалдың арты төбелеске айналып, 34 шешен азаматы қайтыс болады. Аталмыш облыстың Өскемен қаласында 10 күнен кейін «Цинквинецстрой» кәсіпорынында 150 шешендер мен 300 жұмысшылар арасында жаппай төбелес болды. Төбелес барысында бес шешен және жеті жұмысшы жараланғандығы туралы жазылған(Шнайдер,2008:265б).

Жер аударылған халықтардың ішінде ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін шаруалар, жұмысшылар және интеллигенция өкілдері де болды. Бірақ та олар, жер аударылған мекендерде өздерінің мамандығы бойынша жұмыс істемеді. Олардың мамандығы да, білімі де ескерілмеді. 1952 жылы наурызда барлық жер аударылған халықтар 2737398 адам болған. Олардың Қазақстанда 1178168 адамы тұрақталса. Оның

ішінде Солтүстік Кавказдан келгендер 448379 адам болды (Царевская-Дякина и др., 2004:168).

Депортацияға ұшыраған халықтар құқықтық шектеулерге ұшырап, көшірілген елді мекеннен алыс кетпеуге, кеткен жағдайда жазаланатын болды. Оларды әскер қатарына шақырылуына рұқсат берілмеді, қызметте жұмыс істеуіне тыйым салынды. жергілікті халықтармен бірдей білім алуына рұқсат етілмеді. Қан майдандағы жауынгерлерге қажет киімдер мен бұйымдардың басым негізгі бөлігін жер аударылғандар мен тұтқында лагерлерде отырғандар қолынан жасалды. Еңбек армиясы қатарында жұмыс істегендер санатында жер аударылған қарттар, жасы кәмелетке толмаған балалар, әйел азаматтары болды. Жылуы жоқ, барак типіндегі үйлерде тұрып, ауыр тұрмыс жағдайында еңбек етті. 1944-1948 жылдар аралығында 101036 шешен, ингуш, балкар ұлт өкілдері аурудан, аштықтан, суықтан өмірден өтті (Алексенко, 1993:24).

1953 жылдың 1 қаңтарында Қазақстанда арнайы қоныстанушылар саны 988373 адамға жетті. Қазақстанға күштеп қоныс аударылған шешен және ингуш халықтарының басым бөлігі Оңтүстік Қазақстанға орналастырылды. Дегенмен Солтүстік Қазақстан облыстарындағы шешендер мен ингуштердің де саны айтарлықтай болды. Бастапқы жер аударылғанға кейінгі жылдарда шешендер мен ингуштар республика территориясында географиялық орналасуы жағынан он бес облысында қамтыды(Утегенов М, Капбасова, 2020). Жер аударылғандарға қойылған шектеулер 1953 жылдан алынып тасталды. Олар көшірілген республикадағы тұрғылықты мекенді өздерінің таңдауына, қызметтік іс-сапарларда республикалар бойынша еркін жүріп-тұруға, ПМ органдарында жылына тек бір реттік тіркеуден өтуге, балалары арнайы есептен шығарылып, елдің кез - келген қаласына оқуға бара алатын болды. Билік басындағылар бірден арнайы қоныс аударушыларды көшіру орындарында бекіту жолдарын әдістемелік тұрғыдан іздей бастайды, сондықтан тәрбиелік, үгіт насихат, мәдени жұмыстарға баса көңіл бөлініп, назар аударды. Шешен тілінде әдебиеттер шығару туралы шешім қабылданады, және онда оқыту мәселесі қарастырылады. Оларға қойылған шектеулерді алып тастау үрдісі 1955 және 1956 жылдары жалғасты, бірақ ол аяқталмады. Депортацияға ұшырағандар оларды қоныстандырған жерлерді тастап кетуге тыйым салынды. КСРО Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1957 жылғы



9 қаңтардағы "РСФСР құрамындағы Шешен-Ингуш АССР-ін қалпына келтіру туралы" Жарлығы шыққаннан кейін, көптен күткен құжат қабылданды (Грибанова, Гунашев, Зулкашева и др., 2004:180-184)

Алайда қазақ жеріне жер аударылған шешен, ингуштар жергілікті жерге бейімделіп, өздерінің тұрмыс тіршілігін жалғастырды, ал шектеу алынғаннан кейін олардың басым бөлігі елдеріне қайтты. Ал республика аумағында қалғандар қазақ елінің әлеуметтік және мәдени даму тарихында елеулі үлес қосқандар да болды. Қазақстандықтардың 40-50 жылдарда шығу тегі жағынан естерінде жақсы сақталғандардың бірі – Увайс Ахтаев (1930-1978), оның есімі барлық алматылықтарға Вася шешен, Вася великан деген атпен мәлім болды. Вася өзінің ерекше спорттық ойындардағы физикалық дарындылығымен ғана емес (бойы – 2,36 м. және салмағы 196 кг) сондай жұмсақ мінезімен қазақстандықтардың махаббаты мен құрметіне бөленді. Ол спорттың баскетбол түрінен жақсы ойнап, кейінірек жасөспірімдерді жаттықтырды. 1952 жылы Хельсинкиде болатын Олимпиада қарсаңында Л.Берия Ахтаевтың КСРО-ның Ұлттық құрамасына қатысу шартын қойды, алайда Вася өзінің ұлты мен атын өзгертуден бас тартып қатыспады. Кеңес баскетболшылар арасында ол жасаған әдісті ешкім де орындай алмады. КСРО құрамасына оны 1954 жылы қабылдады, алайда -қант диабетімен ауырғандықтан ойындарға қатыса алмады (Ангаров, 2019). Келесі жарқын тұлға – Ваха Ахмедович Татаев (1914- 1977) болды. Татаев Шешен-Ингуш мемлекеттік драма театрының 1938 жылы әртісі, директоры қызметін атқарды, ал 1942 жылы өнер істері басқармасының бастығы болды. Тіпті ол туралы «Грозный жұмысшылары» деген газет беттерінде Татаевты майдандағы солдаттарға және тылда концерт беру үшін әртістік бригадалар ұйымдастырып, спектакльдерде белсенді ойнады, әскер қатарына шақыру пункттерінде үгіт-насихат жұмыстарын жүргізгендігі туралы жазылды. Осындай атқарған жұмыстарына байланысты үшін бірқатар құрмет грамоталары мен алғыс хаттарға ие болды. Депортациядан кейін, ол 1944 жылдан бастап Жамбыл облыстық театры директорының орынбасары, кейін "Октябрь" кинотеатрының директоры қызметін атқарды. Алматы «Балалар мен жасөспірімдер» театры директорының орынбасары қызметінде 1945-1948 жылдарда болды. Қазақ мемлекеттік академиялық опера және балет театры дирек-

торының орынбасары 1948-1951жж., 1951 жылдан эстрада директоры және филармония директорының орынбасары қызметтерін атқарды. Қажырлы еңбегі үшін бірнеше медаль мен Құрмет грамоталары, алғыс хаттармен марапатталды. Депортацияланған халықтар үшін үлкен жетістіктің бірі, Татаев Алматы аудандық кеңестерінің депутаты болды. Шешен-Ингуштия Мәдениет министрі қызметіндегі бөлімді 1958 жылдан бастап, 20 жыл бойы тұрақты түрде басқарып келді. Оның тұсында Шешен-Ингуш филармониясының гүлденуі кезеңі болды (Мананникова, 2016:277).

Бүгінде тағдырдың жазуымен қазақ жеріне күшпен жер аударылып келіп, тұрақтап қалған шешен және ингуш ұлт өкілдері баршылық.

Қазақстандағы шешен-ингуш халқының саны 1989 жылы 100 739-ке жетсе, ал 1999 жылы 99 662-ға кеміді, оның себебі олардың басым бөлігінің басқа мемлекеттерге қоныс аударуы және тарихи Отандарына оралуы болды (Қайыпова, 2010:34).

### Қорытынды

Кеңестік билік тұсында өткен ғасырдың алғашқы жартысында мәжбүрлі түрде жер аударылғандар жаңа тұрғылықты жерлеріне бейімделуі алғашқы уақытта ауыр жағдайды бастарынан өткізді. Осындай олардың тұрмысындағы ауыр жағдай жер аударылған ұлттардың тарихи тағдырына үлкен тауқымет алып келді. Олардың болашағына кеңестік билік жүргізген қылмыстық саясаты арқылы жазылмас жара, өшпес із қалдырды.

Қазақстанға сонау қаһарлы соғыс жылдары мәжбүрлі түрде жер аударылған көптеген шешендер, ингуштар және т.б. ұлттарды ауыр жағдайын түсінген қазақ халқы қонақжайлылықпен қабылдады. Басынан не бір қилы заманды өткерген қазақ халқы сияқты, күшпен жер аударылған халықтар да тағдыр тәлкегімен осындай күндерді басынан өткізді. Десек те, бүгіндері екінші Отанына айналған – Қазақ елінде жергілікті қазақ халқымен қатар бейбіт өмір сүруде. Тәуелсіздікке қол жеткізу барысында қазақ жеріндегі саяси репрессия мен депортация жылдарында қуғындалған қазақ халқымен қатар өзге ұлт өкілдердің де өткен тарихындағы ақтаңдақ беттерін айту мүмкіндігіне жетті. Қазақ елінде тұратын өзге ұлттың қайсысы болмасын, осы жерде өзінің екінші Отаны деп танып, өзінің ешқандай қысымсыз және шектеусіз,

толық құнды рухани және әлеуметтік өмірін тапты. Өткен ғасырдың бірінші жартысын қамтыған сонау бір отты жылдарда туып өскен жерінен айырылып, еріксіз жер аударылған ұлт өкілдері және ұрпақтары бүгінде республиканың барлық өңірінде өмір сүруде.

### Әдебиеттер

- Алексеенко А.Н. (1993). Население Казахстана 1920-1990 гг. Алматы: Ғылым. С.125.
- Ангаров В. (2019) Взгляд в прошлое (Публицистика. Биографии и мемуары). Ч.2. На краю Руси обширной. Москва: <http://libsov.ru/index.php/component/search/?searchword=%D0%92> [қаралған күні: 10.09.2023].
- Грибанова Е.М., Гунашев А.А., Зулкашева А.С. и др. (2004). От депортации к интеграции: документы и материалы, посвященные 60-летию депортации чеченцев и ингушей в Казахстан. Алматы: Дәуір, 2004. – С. 256. (С. 180-184).
- Ермекбаев Ж.А. (2009). Чеченцы и ингушы в Казахстане. История и судьбы. Алматы: Дайк-Пресс. – 508 с.**
- Земсков В.Н. (2005). Спецпереселенцы в СССР, 1936-1960 гг. Москва: Наука. – 306 с.
- Ибрагимов М.М. (2015) Режим спецпоселения и непроавомерное уголовное преследование депортированных чеченцев//Теория и практика общественного развития. №1(112). – С. 19-23.
- Исакиева З.С. (2019). Правовое положение чеченцев, депортированных в Центральный Казахстан в 1940-е гг.// Исторические, философские, политические и юридические науки, культурология и искусствоведение. Вопросы теории и практики. Тамбов: Грамота, 2016. № 6(68). Ч. 2. – С. 87-92.
- Қайыпова Б. (2010) Бірлігін сақтаған елдің тірлігі жарасар // Мирас, №2.(49).
- Қалыбекова М. (2019). Науканды заман: казак жеріне халықтарды депортациялау тарихы (1937-1956жж.). Алматы: «Gurru Print» баспасы. – 220 б.
- Мананикова Л. (2016) Пьеса прочитана. Ждите премьеры. Алматы, 2016. – 96 с.
- Мұқанқызы М. Сол озбырлықты әлі түсінбеймін. (Депортация куәгері Х.Акиев естелігі). [қаралған күні: 22.03.2022].
- Оглаев Х. (1990). Брест – орешек огненный. Грозный. 1990. – 132 с.
- Ракишева Б. (2013). Международный проект «Память во имя будущего Депортация народов в Казахстан в 1930-1950 гг.: общность истории» // Исследовательский институт «Общественное мнение». Астана. – 683 с.
- Сабанчиев Х.-М.А. (2014). Актуальные проблемы истории Карачая и Балкарии, историографии и источниковедения// Сборник материалов Всероссийской научной конференции с международным участием. Грозный, 2019. – 459 с.
- Сактаганова З.Г., Абдрахманова К.К., Досова Б.А и др. (2017) Сборник документов и материалов. Қарағанда: Издательство ҚарГУ. – С. 238-240.
- Сейткулова Ж.М. (2017). Жамбыл облысындағы этностар мен этникалық топтар тарихы. Тараз: Тараз университеті. – 190 б.
- Сигаури И.М. (1997). Очерки истории и государственного устройство чеченцев с древнейших времен. Москва: Издательский дом «Русская жизнь». – 355 с.
- Тишков В.А. (2001). Общество в вооруженном конфликте (этнография чеченской войны). Москва. – 109 с.
- Утегенов М.З., Капбасова Д.С. (2011). Халықтарды күштеп қоныс аудару – Ақмола облысында полиэтникалық халықтың қалыптасуының бір факторы ретінде // Электронный научный журнал «edu.e-history.kz» № 4.
- Царевская-Дякина Т.В. и др. (2004). История сталинского Гулага. Конец 1920-х-первая половина 1950-х годов. Т. 5. Спецпереселенцы в СССР. Москва: «ППЭ», – 824 с.
- Шнайдер В.Г. (2008). Проблемы социальной адаптации депортированных народов Северного Кавказа в местах спецпоселения (середина 1940-х – середина 1950-х гг.) // История, социология. №2 (142). – С. 265-287.

### References

- Aleksenko A.N. (1993). Naselenie Kazahstana 1920-1990 gg. [Population of Kazakhstan] Almaty: Ğylym. S.125.
- Angarov V. (2019) Vzgläd v prošloe (Publisistika. Biografii i memuary). [A look into the Past (Journalism. Biographies and memoirs)]. Ch.2. Na kraiu Rusi obširnoi. Moskva/<http://libsov.ru/index.php/component/search/?searchword=%D0%92> [qaralğan küni: 10.09.2023].
- Gribanova E.M., Gunashev A.A., Zulkasheva A.S. i dr. (2004) Ot deportatsii k integratsii: dokumenty i materialy, posväšennye 60-letiu deportatsii chechensev i ingušei v Kazahstan. [From deportation to integration]. Almaty: Däuir, 2004. S. 256. (S.180-184.)
- Ermekebaev J.A. (2009). Chechensy i inguшы v Kazahstane. İstoria i südby. [Chechens and Ingush in Kazakhstan. History and destinies]. Almaty: Daik- Pres. S.508.
- Zemskov V.N. (2005). Spesereselensy v SSSR, 1936-1960gg. [Special settlers in the USSR]. Moskva: Nauka. S.306.
- İbragimov M.M. (2015). Rejim spesposelenia i neproavomerne ugovnoe presledovanie deportirovannyh chechensev. [Special settlement regime and unlawful criminal prosecution of deported Chechens]/Teoria i praktika obšestvennogo razvitiia. №1(112). S.19-23.
- İsakieva Z.S. (2019). Pravovoe polojenie chechensev, deportirovannyh v Sentralnyi Kazahstan v 1940-e gg. [The legal status of Chechens deported to Central Kazakhstan in the 1940 gg.]/İstoricheskie, filosofskie, politicheskie i iuridicheskie nauki, külturologia i iskustvovedenie. Voprosy teorii i praktiki. Tambov: Gramota, 2016. № 6(68). Ch. 2. S. 87-92.

- Qaiypova B. (2010) Birlıgın saqtağan eldiñ tırlıgı jarasar. [ Birligin saktagan eldin tirligi zharasar]. // Miras, №2.(49).
- Qalybekova M.(2019). Nauqandy zaman:qazaq jerine halyqtardy deportasialau tarihy (1937-1956jj.). [Naukandy zaman:kazak zherine halyqtardy deportationalau tarikh].Almaty:«Guppy Print» baspasy.
- Manannikova L. (2016) Pesa prochitana. Jdite premery. [The play has been read. Wait for the premiere].Almaty, 2016. S. 96.
- Müqanqyzy M. Sol ozbyrlyqty äli tüsinbeimin. [Sol ozbyrlyqty ali tusinbeimin]. (Deportasia kuägeri H.Akiev esteligi). [https://www.azattyq.org/a/kazakhstan\\_stalins\\_deportation/25271077.html](https://www.azattyq.org/a/kazakhstan_stalins_deportation/25271077.html) [qaralğan küni: 22.03.2022].
- Oglaev H. (1990). Brest - oreşek ognennyi. [Brest is a fiery nut]. Groznyi. 1990. S. 132.
- Rakişeva B. (2013). Mejdunarodnyi proekt «Pämät vo imä buduşego Deportasia narodov v Kazahstan v 1930-1950 gg.: obşnöst istorii». [International project"Memory for the sake of the future Deportation of peoples to Kazakhstan in 1930-1950: commonality of history"]. // İssledovatel'ski institut «Obşestvennoe mnenie». Astana. S.683.
- Sabanchiev H.-M.A.(2014). Aktuälnye problemy istorii Karachaia i Balkarii, istoriografii i istochnikovedenia. [Actual problems of the history of Karachay and Balkaria, historiography and source studies]./Sbornik materialov Vserossiskoi nauchnoi konferensii s mejdunarodnym uchastiem. Groznyi, 2019 . S. 459.
- Saktaganova Z.G., Abdrahmanova K.K., Dosova B.A i dr. (2017) Sbornik dokumentov i materialov. [ Collection of documents and materials].Qarağanda: İzdatel'stvo KarGU. S. 238-240.
- Seitkulova J.M. (2017). Jambyl oblysyndağy etnostar men etnikalyq toptar tarihy. . [Zhambyl oblysyndagi ethnostar men etnikalyk toptar tarikh]. Taraz: Taraz universiteti. 190 b.
- Sigauri İ.M. (1997). Ocherki istori i gosudarstvennogo ustroistvo chechensev s drevneişih vremen. [Essays on the history and state structure of the Chechens since ancient times]. Moskva: İzdatelski dom «Ruskaia jizn». S.406.
- TişkovV.A.(2001).Obşestvo v vorujennom konflikte (etnografia chechenskoï voiny).[Society in the armed conflict (ethnography of the Chechen war)]. Moskva. S.109.
- Utegenov M.Z., Kapbasova D.S.(2011). Halyqtardy küştep qonys audaru – Aqmola oblysynda polietnikalyq halyqtyñ qalyptasuynyñ bir faktory retinde. [Halyqtardy kyshtep konys audaru -Akmola oblysynda polyethnicalyk halyktyn kalyptasuynyn bir factors retinde]./Elektron. nauch. jurnal «edu.e-history.kz» № 4.
- Sarevskaia-Däkina T.V.i dr.(2004).İstoria stalinskogo Gulaga. Kones 1920-h - pervaiia polovina 1950-h godov.[The history of Stalin's Gulag. The end of the 1920 s-the first half of the 1950s.].Spesereselensy v SSSR. Moskva: «RPE», S. 824.
- Şnaider V.G. (2008). Problemy sostiälnoi adaptasii deportirovannyh narodov Severnogo Kavkaza v mestah spesposelenia (seredina 1940-h- seredina 1950-h gg.). [Problems of social adaptation of the deported peoples of the North Caucasus in places of special settlement].// İstoria, sosiologia. №2 (142). S.265-287.